

Халықты әлеуметтік қорғау саласында мемлекеттік қызметтер регламенттерін бекіту туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімдігінің 2012 жылғы 29 маусымдағы N 222 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 10 тамызда N 13-5-152 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімдігінің 2013 жылғы 23 мамырдағы N 194 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімдігінің 23.05.2013 N 194 қаулысымен

«Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы № 107 Заңының 9-1-бабына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген мемлекеттік қызмет регламенттері бекітілсін:
 - 1) «Жұмыссыз азаматтарды тіркеу және есепке қою»;
 - 2) «Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу және есепке алу»;
 - 3) «Мүгедектерге протездік-ортопедиялық көмек ұсыну үшін оларға құжаттарды ресімдеу»;
 - 4) «Мүгедектерді сурдо-тифлотехникалық құралдармен және міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету үшін оларға құжаттарды ресімдеу»;
 - 5) «Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен қызмет көрсететін мемлекеттік және мемлекеттік емес медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) әлеуметтік қызмет көрсетуге арналған құжаттарды ресімдеу»;
 - 6) «Жалғызділікті, жалғыз тұратын қарттарға, бөгде адамның күтіміне және жәрдеміне мұқтаж мүгедектерге және мүгедек балаларға үйде әлеуметтік қызмет көрсетуге құжаттарды ресімдеу».

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы Ерлан Естайұлы Әділбековке жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі *М. Тасмағанбетов*
Ғабит Мүсірепов атындағы
ауданы әкімдігінің
2012 жылғы 29 маусымдағы
№ 222 қаулысымен бекітілген

Мемлекеттік қызмет көрсету регламенті

«Жұмыссыздарды тіркеу және есепке қою»

1. Негізгі ұғымдар

1. Пайдаланған терминдердің және аббревиатуралардың анықтамасы:

1) ЖІ – жеке іс ;

2) «ЖҚҮ және ӘБ КБ» ММ – «Солтүстік Қазақстан облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесі ;

3) Құрылымдық-функционалдық бірліктер – бұл уәкілетті органдардың жауапты тұлғалары, мемлекеттік органдардың құрылымдық бөлімшелері, мемлекеттік органдар, ақпараттық жүйелер және олардың кіші жүйелері) (бұдан әрі – ҚФБ) ;

4) Уәкілетті орган – «Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

2. Жалпы ережелер

2. Мемлекеттік қызмет «Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесімен көрсетіледі, мекенжайы: Солтүстік Қазақстан облысы, Новоишим селосы, Ленин көшесі, 2, электрондық пошта мекенжайы - ozsp-gm.sko.kz, телефоны – 8-715-35-2-21-11, № 5 кабинет.

3. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: автоматтандырылмаған.

4. Мемлекеттік қызмет «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 15-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 394 қаулысымен бекітілген «Жұмыссыздарды тіркеу және есепке қою» мемлекеттік қызмет стандартын жүзеге асыру үшін көрсетіледі.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және қажетті құжаттар туралы толық ақпарат көрсетілген уәкілетті органның стендтерінде орналасқан, сондай-ақ көрсетілген уәкілетті органның интернет-ресурстарынан ozsp-gm.sko.kz алуға болады .

6. Тұтынушы алатын, көрсетілетін мемлекеттік қызметтің аяқталу нысаны (нәтиже): электронды түрде жұмыссыз ретінде тіркелу және есепке қою немесе қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту.

7. Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға көрсетіледі: Қазақстан Республикасының азаматтары, оралмандар, шетелдіктер, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адамдар.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібіне қойылатын талаптар

8. Мемлекеттік қызметті алу үшін өтініш беруші мынадай құжаттарды ұ с ы н а д ы :

- 1) жеке басын куәландыратын құжаттар;
Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі (паспорт);
шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар – шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруына ықтиярхаты және азаматтығы жоқ адамның ішкі істер органдарында тіркелгені туралы белгісі бар куәлігі;
оралмандарға - оралман куәлігі;
- 2) еңбек қызметін растайтын құжаттар;
- 3) әлеуметтік жеке кодын беру жөніндегі куәлігі (ЖСК);
- 4) салық төлеушінің тіркеу нөмірі (СТН);
- 5) соңғы жылдағы алынған табыс жөніндегі мәліметтер (өтініш беруші с и п а т т а ғ ы б о л а д ы) .

9. Мемлекеттік қызмет уәкілетті органда бланк толтырусыз көрсетіледі.

10. Мемлекеттік қызмет алу үшін қажетті құжаттар № 3 кабинетке уәкілетті органның жауапты маманына тапсырылады.

Жауапты тұлғалар кабинеттерінің нөмірлері туралы ақпарат мемлекеттік қызмет көрсету бойынша ақпараты орналастырылған уәкілетті органның стендінде орналастырылған.

11. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) осы стандарттың 8-тармағында белгіленген құжаттар тұтынушымен тапсырылған қажетті құжаттар тапсырылғаннан кейін мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері - 10 жұмыс күннен кешіктірмей.

2) тұтынушымен қатынаған күнде орында көрсетілетін мемлекеттік қызметті алуға ең үлкен күту уақыты адам санына байланысты, бір тұтынушыға қызмет көрсетуге 15 минут есебінен.

3) тұтынушымен қатынаған күнде орында көрсетілетін мемлекеттік қызметті алуға ең үлкен қызмет көрсету уақыты күнде 15 минуттан артық емес.

12. Барлық қажетті құжаттар тапсырылғаннан кейін уәкілетті органда тұтынушыға мемлекеттік қызмет тіркеу мен алу датасын, құжаттар қабылдаған тұлғаның тегі аты-жөні көрсетумен талон беріледі.

13. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері туралы ақпараттандыру тұрғылықты жері бойынша уәкілетті органға тұтынушының өзі келгенде жүзеге

а с ы р ы л а д ы .

14. Осы мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың болмауы, жалған мәліметтер және осы регламенттің 3-қосымшасына сәйкес нысаны бойынша құжаттар ұсынылмаған кезде жұмыссыз ретінде тіркеуден, есепке қоюдан бас тартылады.

Мемлекеттік қызмет көрсетуді тоқтата тұру үшін негіздемелер жоқ.

15. Мемлекеттік қызмет уәкілетті органның үй-жайында қабылдау кестесіне сәйкес: демалыс (сенбі, жексенбі) және мереке күндерін қоспағанда, күн сайын сағат 13.00-ден 14.30-ге дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ге дейін күнсайын көрсетіледі. Қабылдау кезек тәртібінде жүзеге асырылады, алдын ала жазылусыз және тездетілген қызмет көрсетусіз.

Уәкілетті органның үй-жайы қажетті құжаттарды дайындау үшін, үстелмен, орындықтармен, ақпараттық стендтермен жабдықталған, күту залы бар сондай-ақ үй-жайда мүмкіндіктері шектеулі тұтынушыларға қызмет көрсету үшін жағдайлар қарастырылған. Уәкілетті органның үй-жайы санитарлық-эпидемиологиялық нормаларға, ғимараттың қауіпсіздік талаптарына үйлесімді, күзетпен және өрт дабылымен жабдықталды.

16. Мемлекеттік қызмет алу үшін тұтынушыдан өтініш келіп түскен сәттен бастап және мемлекеттік қызметтің нәтижесін алуға дейін мемлекеттік қызмет көрсету кезеңдері:

1) тұтынушыға қызмет көрсету үшін ол белгіленген үлгідегі өтінішті және қажетті құжаттар тізбесін тапсырады;

2) уәкілетті органның жауапты маман өтінішті журналда тіркейді, өтінішке кіріс нөмірін қояды, тұтынушыға талон береді және уәкілетті органның бастығына береді;

3) уәкілетті органның бастығы келіп түскен құжатпен танысады және ардагерлермен және мүгедектермен жұмыс жүргізу бойынша бас маманына (бұдан әрі – бас маманға) жолдайды;

4) уәкілетті органның бас маманы келіп түскен құжаттарды қарайды қызмет алуға тұтынушының құқығын анықтайды, тұтынушының деректерін электрондық деректер базасына енгізеді, «ЖҚҮ және ӘББ»ММ құжаттар топтамасын жолдау үшін ілеспе хатты әзірлейді;

5) бас маман тұтынушыға қызмет көрсетуге есепке қою туралы хабарламаны немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты (хабарлама) әзірлейді және қол қою үшін уәкілетті органның бастығына береді;

6) уәкілетті органның бастығы қызмет көрсетуге есепке қою туралы хабарламаға немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапқа (хабарлама) қол қояды және мемлекеттік қызмет нәтижесін тұтынушыға беру үшін жауапты маманға береді.

7) уәкілетті органның жауапты маманы мемлекеттік қызмет нәтижесі туралы ақпаратты тұтынушы уәкілетті органға келген уақытында есепке қою туралы хабарламаны немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты (хабарлама) береді.

4. Мемлекеттік қызметті көрсету үдерісіндегі іс-әрекеттер (өзара әрекеттестік) тәртібінің сипаттамасы

17. Ақпараттық қауіпсіздігіне қойылатын талаптар: тұтынушы құжаттарының мазмұны туралы ақпаратты жасырын ұстау.

18. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіне қатысатын ҚФБ:

- 1) Уәкілетті органның бастығы;
- 2) Уәкілетті органның жұмыспен қамту бойынша бас маманы;
- 3) Уәкілетті органның жауапты маманы.

Осы Регламенттің 1-қосымшасында әрбір әкімшілік іс-әрекетті орындау мерзімін көрсетумен әкімшілік іс-әрекеттердің (рәсімдердің, функциялардың операциялардың) әрбір ҚФБ-мен реттілігі мен өзара әрекетінің мәтіндік кестеленген сипаттамасы келтірілген.

19. Мемлекеттік қызмет және (ҚФБ көрсету үдерісінде) әкімшілік іс-әрекеттердің логикалық реттілігін көрсетуші сызбалар осы Регламенттің 2-қосымшасында келтірілген.

20. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың нысандары, үлгі-қалыптары осы регламенттің 3,4-қосымшада көрсетілген.

5. Мемлекеттік қызметтерді көрсететін лауазымдық тұлғалардың жауапкершілігі

21. Көрсетілген қызметтерге жауапты тұлға уәкілетті органның бастығы, уәкілетті органның, ЖҚҮ және ӘББ ММ жауапты лауазымдық тұлғалар, (бұдан әрі – лауазымдық тұлғалар).

Лауазымды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртібіне сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасы мен тиімділігі үшін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету барысында олармен қабылданған шешімдері мен іс-әрекеттері (іс-әрекетсіздігі), үшін белгіленген мерзімдерде мемлекеттік қызмет көрсетуді іске асыруға жауапты болады.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда шағым осы мемлекеттік қызмет көрсетуді ұйымдастыруға жауапты жоғары тұрған уәкілетті органның басшысы ЖҚҮ және ӘББ ММ бастығына беріледі, әдепсіз қызмет көрсету жағдайда шағым уәкілетті органның бастығына беріледі нөмірі уәкілетті органның стендінде көрсетілген, атауы, жұмыс кестесі, заңды

мекенжайы, телефоны осы регламенттің 2-т. және 15-т. Көрсетілген.

22. Мемлекеттік қызмет нәтижесімен келіспеген жағдайда тұтынушы заңнамамен белгіленген тәртіпте сотқа шағымдануға құқылы.

Жазбаша өтінішпен арызданған тұлғаға берілген шағымға жауап алу датасы мен уақыты, өтінішті қарау тәртібі туралы білуге болатын тұлғалардың байланыс телефондары көрсетілген талон беріледі.


М е м л е к е т т і к қ ы з м е т т і ң
 р е г л а м е н т і н е
 «Жұмыссыздарды тіркеу және есепке қою»
 1-қосымшасы

1 кестесі. ҚФБ іс-әрекеттердің сипаттамасы

Негізгі үдерістің (барысының, жұмыс ағымының) іс-әрекеті, 1 өтініш берушіге						
1	Әрекеттің (әрекеттің, жұмыс ағымының) N	1	2	3	4	5
2	ҚФБ атауы	Уәкілетті органның жауапты маманы	Уәкілетті органның бастығы	Уәкілетті органның бас маманы	Уәкілетті органның бастығы	Уәкілетті органның жауапты маманы
3	Әрекеттің (үдерістің, рәсімнің, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы	Кіріс хат-хабар журналында дайын анықтама ны алу мерзімі жөніндегі түсініктемемен бірге өтінішті тіркейді және ЖҰ және ӘББ бастығына жолдайды	өтінішге бұрыштама қояды	Азаматтардың жаз баша өтініштерін тіркейтін журналға тиісті белгіні қояды	Бас маманға өтінішті тапсыру мен осы бағыт бойынша жұмысты ұйымдастырады	өтініштің шарттары мен тань сады, қатынаған тұлғаны электрондық базасында іздеу салады, есепке қою датасын анықтайды, анықтама ның үлгісін толтырады
4	Аяқтау нысаны (дерек тер, құжат, ұйымдастыру-басқаратын шешімі	Қабылдау мерзімі мен орындалу мерзімін көрсету мен талон	бұрыштама	Орындалу үшін құжат тапсырады	бұрыштама	(компьютерлік деректер базасы) дербес есептеу карточкасы
5	Орындалу мерзімі	15 минуттан аспауы қажет	1 сағаттан аспауы қажет	8 күнтізбелік күннен кешіктірмей	1 жұмыс күні ішінде	15 минуттан аспауы қажет
6	Келесі іс-қимылдың №	2	3	4	5	

М е м л е к е т т і к қ ы з м е т т і ң
 р е г л а м е н т і н е

«Жұмыссыздарды тіркеу және есепке қою»
2-қосымшасы



Мемлекеттік қызметтің
регламентіне
«Жұмыссыздарды тіркеу және есепке қою»
3-қосымшасы

(кімге жіберіледі)

Жұмыссыз _____ байланысты Сізге
(с е б е п к ө р с е т у)

ретінде тіркеуден және есепке қоюдан бас тартылатыны жөнінде хабарлаймыз.

Бөлім бастығы _____
М е м л е к е т т і к _____ қ ы з м е т т і н
р е г л а м е н т і н е
«Жұмыссыздарды тіркеу және есепке қою»
4-қосымшасы

(кімге жіберіледі)

_____ бастап Сіз жұмыссыз (
есепке қойылған күні)
ретінде есепке қойғаныңызды туралы хабарлаймыз.

Бөлім бастығы _____
Ғ а б и т М ү с і р е п о в а т ы н д а ғ ы
а у д а н ы ә к і м д і г і н і н
2 0 1 2 ж ы л ғ ы 2 9 м а у с ы м д а ғ ы
№ 222 қаулысымен бекітілген

Мемлекеттік қызмет көрсету регламенті

**«Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың
салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу және есепке алу»**

1. Негізгі ұғымдар

1. Пайдаланған терминдердің және аббревиатуралардың анықтамасы:

1) Арнаулы комиссия - Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу және есепке алу және оларға куәлік беру үшін аудан әкімінің шешімімен құрылған комиссия.

2) Ж І – ж е к е і с ;

3) «ЖҚҮ және ӘБ КБ» ММ – «Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесі;

4) МЗТО – «Зейнетақы төлеу бойынша мемлекеттік орталықтың бөлімшесі»;

5) мүгедек – ауыру немесе жарақат алу нәтижесінде, тұрақты түрде денсаулығының, ағзасының атқарымының бұзылуына байланысты өмірлік іс-әрекеті шектелгендіктен әлеуметтік қорғауды қажет ететін тұлға;

6) Құрылымдық-функционалдық бірліктер – бұл уәкілетті органдардың жауапты тұлғалары, мемлекеттік органдардың құрылымдық бөлімшелері, мемлекеттік органдар, ақпараттық жүйелер және олардың кіші жүйелері) (бұдан

ә р і – Қ Ф Б) ;

7) ОЖБ – оңалтудың жеке бағдарламасы;

8) Солтүстік Қазақстан облысы бойынша республикалық мемлекеттік кәсіпорны «Халыққа қызмет көрсету орталығы» филиалының Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы бойынша бөлім – ХҚКО;

9) Уәкілетті орган – «Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

2. Жалпы ережелер

2. Мемлекеттік қызмет «Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесімен көрсетіледі (бұдан әрі – арнаулы комиссияның жұмыс органы), мекенжайы: Солтүстік Қазақстан облысы, Новоишим селосы, Ленин көшесі, 2, электрондық пошта мекенжайы – ozsp-gm.sko.kz, телефоны – 8-715-35-2-15-37, № 6 кабинет.

Сондай-ақ мемлекеттік қызмет Солтүстік Қазақстан облысы бойынша республикалық мемлекеттік кәсіпорны «Халыққа қызмет көрсету орталығы» филиалының Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы бойынша бөлім (бұдан әрі - ХҚКО) арқылы көрсетіледі, мекенжайы: Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы Новоишим селосы, Ленин көшесі, 7, телефоны – 8-715-35-2-22-19.

3. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: автоматтандырылмаған.

4. Мемлекеттік қызмет «Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 18 желтоқсандағы Заңының (бұдан әрі – Заң) 11-бабының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 20 ақпандағы № 110 қаулысымен бекітілген Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу, оларға біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақы төлеу қағидасының 2-тарауы, «Жергілікті атқарушы органдар көрсететін әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік қызметтердің стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 394 Қаулысының негізінде көрсетіледі.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және қажетті құжаттар туралы толық ақпарат көрсетілген уәкілетті органның стендтерінде орналасқан, халыққа қызмет көрсету орталықтары, сондай-ақ көрсетілген уәкілетті органның интернет-ресурстарынан ozsp-gm.sko.kz алуға болады.

6. Тұтынушы алатын, көрсетілетін мемлекеттік қызметтің аяқталу нысаны (

нәтиже): Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен Қазақстан Республикасының азаматтарын тіркеу және есепке алу туралы шешім туралы хабарлама немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы қағаз жеткізгіштегі дәлелді жауап.

7. Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға көрсетіледі:

әуеде және жер үстінде ядролық жарылыстар жасаған кезеңде (1949-1965 жж.) радиоактивті заттармен ластануға ұшыраған аумақтарда тұрған, жұмыс істеген немесе әскери қызмет (соның ішінде мерзімді) өткерген азаматтар;

1966 жылдан 1990 жылға дейінгі аралықта жерасты ядролық жарылыстарын жасау кезеңінде осы аумақтарда тұрған, жұмыс істеген немесе әскери қызмет (соның ішінде мерзімді) өткерген азаматтар;

1949 жылдан 1990 жылға дейінгі аралықта жеңілдікті әлеуметтік-экономикалық мәртебесі бар аумақта тұрған, жұмыс істеген немесе әскери қызмет (соның ішінде мерзімді) өткерген азаматтар;

осы тармақтың екінші және үшінші абзацтарында аталған, мүгедек деп танылған аурулары бар адамдардың балалары, олардың денсаулық жағдайы мен Заңда аталған аймақтарда ата-аналарының бірінің болу факторы арасындағы себепті байланыстар анықталған ретте.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібіне қойылатын талаптар

8. Мемлекеттік қызметті алу үшін өтініш беруші мынадай құжаттарды ұсынады :

- 1) белгіленген үлгідегі өтініш;
- 2) жеке басын куәландыратын құжат;
- 3) тұрғылықты жері бойынша тіркеуді растайтын құжат;
- 4) салық төлеушінің куәлігі (жеке сәйкестіндіру коды болса);
- 5) әлеуметтік жеке кодын беру жөніндегі уақытша куәлігі (жеке сәйкестендіру коды болса);
- 6) берілетін жинақ кітапшасы немесе өтемақы беру бойынша уәкілетті ұйыммен жасалған шарт;

7) Заңымен белгіленген тәртіпте берілген 1949 жылдан бастап 1965 жыл, 1966 жылдан бастап 1990 жыл кезеңдерінде Семей ядролық сынақ полигоны аумағында тұру фактісі мен кезеңін растайтын құжаттар (мұрағаттық анфқтамалар, халық депутаттардың селолық, поселкелық (ауылдық) кеңестердің, тұрғын үй пайдалану басқармалардың, үй басқармасының, поселке, ауылдың (селолық) округтер әкімдерінің, пәтер меншік иелеріні кооперативтердің анықтамалары; еңбек кітапшасы; оқу орнын бітіргені туралы диплом; әскери билет; туу туралы куәлік; орта білім туралы аттестат; орталау мектепті бітіргені

туралы куәлік; Заңымен белгіленген тәртіпте берілген Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынқатрдың салдарынан зардап шеккен жеңілдіктерге құқық растайтын куәлігі).

Мұрағаттық және өзге де құжаттар сақталмаса – ядролық сынақтар әсеріне ұшыраған аумақта тұрғанының заңды фактісі мен кезеңін анықтау туралы сот шешімі.

Салыстырып тексеру үшін құжаттардың түпнұсқалары мен көшірмелері ұсынылады, содан кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылды.

Жеке өтініш беруге мүмкіндігі болмаған жағдайда, азаматтар белгіленген тәртіппен берілген сенімхат негізінде өтінішпен және қажетті құжаттармен жүгіну үшін басқа адамдарға уәкілеттік беруге құқылы.

9. Өтініштер осы Регламенттің 2-тармағында көрсетілген мекен-жайларында нысандары арнаулы комиссия жұмыс органының күту залында, ХҚКО күту залының арнайы тіреуде немесе құжаттар қабылдайтын қызметкерлерде болады.

10. Мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті толтырылған өтініш үлгілері және басқа құжаттар № 3 кабинетке арнайы комиссия жұмыс органының, тағайындау бойынша бас маманына, ХҚКО инспекторына тапсырылады.

Жауапты тұлғалар кабинеттерінің нөмірлері туралы ақпарат арнаулы комиссия жұмыс органының, ХҚКО стендінде, сонда сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету туралы ақпарат орналастырылған.

11. Барлық қажетті құжаттар тапсырылғаннан кейін уәкілетті органда тұтынушыға мемлекеттік қызмет тіркеу мен алу датасын, құжаттар қабылдаған тұлғаның тегі аты-жөні көрсетумен талон беріледі. ХҚКО тиісті құжаттардың қабылдағаны туралы қолхат беріліп, онда төмендегілер көрсетіледі:

сұрауды қабылдаған нөмірі және датасы;
сұрап жатқан мемлекеттік қызметтің түрі;
қосымша берілген құжаттардың саны және атауы;
құжатты беру датасы, уақыты және орны;
құжаттарды рәсімдеуге өтінішті қабылдаған Орталық инспекторының тегі,
а т ы - ж ө н і .

12. Семей полигонындағы ядролық сынақтарының салдарына зардап шеккен Қазақстан Республикасының азаматтарын тіркеу жөніндегі шешім қабылдау немесе тіркеуден бас тарту туралы хабарламаны беру арнаулы комиссия жұмыс органына тұтынушының өзі келгенде.

ХҚКО өзі барған жағдайда күнсайын «терезелер» арқылы мерзімі көрсетілген қолхат негізінде жүзеге асырылады.

Жеке өтініш беруге мүмкіндігі болмаған жағдайда, азаматтар белгіленген тәртіппен берілген сенімхат негізінде өтінішпен және қажетті құжаттармен

жүгіну үшін басқа адамдарға уәкілеттік беруге құқылы.

13. Тексеру қорытындысы бойынша іс макеті ресімделген Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматқа біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақының төлену фактісінің анықталуы, сондай-ақ тұтынушының құжаттарды тапсырған кезде толық емес және (немесе) жалған мәліметтер ұсынуы мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіз болып табылады. Арнайы комиссияның жұмыс органы құжаттар ресімделген кезде анықталған қателіктер, осы регламенттің 8-тармағында көрсетілген құжаттар толық болмаған жағдайда арнайы комиссияның жұмыс органы құжаттар тапсырылған күннен кейін жиырма жұмыс күні ішінде бас тарту туралы хабарламаны береді.

ХҚКО арқылы мемлекеттік қызметті жүзеге асыру кезінде уәкілетті орган құжаттар ресімделген кезде анықталған қателіктер, осы регламенттің 11-тармағында көрсетілген құжаттар толық болмаған жағдайда құжаттар тапсырылғаннан кейін үш күн ішінде орталыққа бұдан әрі тұтынушыға беру үшін бас тарту себептерін көрсетумен хабарламаны жібереді.

14. Мемлекеттік қызмет уәкілетті органның үй-жайында уәкілетті органның жұмыс кестесіне сәйкес демалыс (сенбі, жексенбі) және мереке күндерін қоспағанда, күн сайын сағат 13.00-ден 14.30-ге дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ге дейін көрсетіледі.

ХҚКО жұмыс кестесі: демалыс күндері мен мереке күндерінен басқа, үзіліссіз, күн сайын сағат 9.00-ден 19.00-ге дейін жұмыс істейді. Қабылдау кезек тәртібінде жүзеге асырылады алдын ала жазылусыз және тездетілген қызмет көрсетусіз.

15. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) осы стандарттың 8-тармағында белгіленген құжаттар тұтынушымен тапсырылғаннан кейін мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері: арнайы комиссияның жұмыс органына – жиырма күнтізбелік күннен артық емес;

ХҚКО - жиырма күнтізбелік күннен артық емес (құжатты (нәтижені) қабылдау және тапсыру күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдеріне кірмейді);

2) тұтынушы өтініш берген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алуға дейін күтудің рұқсат берілген ең көп уақыты (талон алғанға дейін) 30 минуттан аспайды;

3) тұтынушы өтініш берген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызмет көрсетудің рұқсат берілген ең көп уақыты 15 минуттан, орталықта 30 минуттан аспайды.

16. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

17. Мемлекеттік қызмет көрсетіледі:

тұтынушының тұрғылықты жері бойынша арнайы комиссия жұмыс органының үстелмен, орындықтармен, толтырылған бланктер бар ақпараттық стендтермен жабдықталған, мүмкіндіктері шектеулі тұтынушыларға қызмет көрсету үшін жағдайлар қарастырылған үй-жайында; анықтамалық бюро, кресло, толтырылған бланктер бар ақпараттық стендтермен жабдықталған, қажетті құжаттарды даярлау үшін үстелмен, орындықтармен, ақпараттық стендтермен жабдықталған, күту залы бар сондай-ақ үй-жайда мүмкіндіктері шектеулі тұтынушыларға қызмет көрсету үшін жағдайлар қарастырылған ХҚКО үй-жайында.

Уәкілетті органның үй-жайы санитарлық-эпидемиологиялық нормаларға, ғимараттың қауіпсіздік талаптарына үйлесімді, күзетпен және өрт дабылымен ж а б д ы қ т а л д ы .

18. Мемлекеттік қызмет алу үшін тұтынушыдан өтініш келіп түскен сәттен бастап және мемлекеттік қызметтің нәтижесін алуға дейін мемлекеттік қызмет к ө р с е т у к е з е н д е р і :

_____ уәкілетті орган арқылы:

1) тұтынушыға қызмет көрсету үшін ол белгіленген үлгідегі өтінішті және қажетті құжаттар тізбесін тапсырады;

2) уәкілетті органның жауапты маман өтінішті журналда тіркейді, өтінішке кіріс нөмірін қояды, тұтынушыға талон береді және уәкілетті органның б а с т ы ғ ы н а б е р е д і ;

3) уәкілетті органның бастығы келіп түскен құжатпен танысады және ардагерлермен және мүгедектермен жұмыс жүргізу бойынша бас маманына (бұдан әрі – бас маманға) жолдайды;

4) уәкілетті органның бас маманы келіп түскен құжаттарды қарайды қызмет алуға тұтынушының құқығын анықтайды, тұтынушының деректерін электрондық деректер базасына енгізеді, «ЖҚҮ және ӘББ»ММ құжаттар топтамасын жолдау үшін ілеспе хатты әзірлейді;

5) бас маман тұтынушыға қызмет көрсетуге есепке қою туралы хабарламаны немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты (хабарлама) әзірлейді және қол қою үшін уәкілетті органның бастығына береді;

б) уәкілетті органның бастығы қызмет көрсетуге есепке қою туралы хабарламаға немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапқа (хабарлама) қол қояды және мемлекеттік қызмет нәтижесін тұтынушыға беру үшін жауапты маманға береді;

7) уәкілетті органның жауапты маман мемлекеттік қызмет нәтижесін береді: есепке қою туралы хабарламаны немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап (х а б а р л а м а) .

Тұрғылықты жері бойынша уәкілетті орган болмаса мемлекеттік қызмет

тұтынушыларға селолық «(ауылдық) округтің әкімі арқылы көрсетіледі.

Х Қ К О а р қ ы л ы :

1) Тұтынушы өтініш береді, тіркейді, және мемлекеттік қызмет көрсетуге қ о л х а т б е р е д і ;

2) ХҚКО инспекторы өтінішті тіркейді және құжаттарды ХҚКО жинақтау бөлімінің инспекторына береді;

3) ХҚКО жинақтаушы бөлімі инспекторы құжаттарды жинайды, тізілімдемені құрастырады, құжаттарды уәкілетті органға жолдайды;

4) уәкілетті органның жауапты маманы журналда құжаттарды тіркейді, кіріс нөмірі береді және құжатты өтінішке береді;

5) уәкілетті органның бастығы келіп түскен құжаттарды қарайды және тағайындау бойынша бас маманға жібереді (бұдан әрі – бас маман);

6) уәкілетті органның бас маманы тұтынушының құқығын болуына келіп түскен құжаттарды қарайды, деректерді электрондық деректер базасына енгізеді;

7) бас маман тұтынушыға қызмет көрсетуге тағайындау туралы хабарламаны немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап (хабарлама) әзірлейді және қол қою үшін уәкілетті органның бастығына береді;

8) уәкілетті органның бастығы қызмет көрсетуге тағайындау туралы хабарламаға немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапқа (хабарлама) қол қояды және мемлекеттік қызметтің нәтижесін тұтынушыға беру үшін жауапты маманға береді;

9) уәкілетті органның жауапты маманы мемлекеттік қызметтің нәтижесін қызмет көрсетуге тағайындау туралы хабарламаны немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты ХҚКО жолдайды;

10) ХҚКО инспекторы тұтынушыға мемлекеттік қызмет нәтижесін береді: қызмет көрсетуге тағайындау туралы хабарлама немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап (хабарлама).

4. Мемлекеттік қызметті көрсету үдерісіндегі іс-әрекеттер (өзара әрекеттестік) тәртібінің сипаттамасы

19. Ақпараттық қауіпсіздігіне қойылатын талаптар: тұтынушы құжаттарының мазмұны туралы ақпаратты жасырын ұстау.

20. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіне қатысатын ҚФБ:

1) Арнайы комиссия жұмыс органының бастығы;

2) Арнайы комиссия жұмыс органының тағайындау бойынша бас маманы;

3) Арнайы комиссия жұмыс органының жауапты маманы;

4) Х Қ К О и н с п е к т о р ы ;

5) ХҚКО жинақтау бөлімінің инспекторы.

21. Осы Регламенттің 1-қосымшасында әрбір әкімшілік іс-әрекетті орындау мерзімін көрсетумен әкімшілік іс-әрекеттердің (рәсімдердің, функциялардың операциялардың) әрбір ҚФБ-мен реттілігі мен өзара әрекетінің мәтіндік кестеленген сипаттамасы келтірілген.

22. Әкімшілік іс-әрекеттердің (мемлекеттік қызмет көрсету үдерісі барысында) логикалық реттілігі арасындағы өзара байланысын сипаттаушы сызбалар және ҚФБ осы регламенттің 2,3-қосымшада көрсетілген.

23. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың нысандары, үлгі-қалыптары осы регламенттің 4-қосымшада көрсетілген.

5. Мемлекеттік қызметтерді көрсететін лауазымдық тұлғалардың жауапкершілігі

24. Көрсетілген қызметтерге жауапты тұлға арнайы комиссия жұмыс органы, арнайы комиссия жұмыс органының жауапты лауазымдық тұлғалары, ХҚКО басшысы (бұдан әрі – лауазымдық тұлғалар).

Лауазымды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртібіне сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасы мен тиімділігі үшін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету барысында олармен қабылданған шешімдері мен іс-әрекеттері (іс-әрекетсіздігі), үшін белгіленген мерзімдерде мемлекеттік қызмет көрсетуді іске асыруға жауапты болады.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда шағым осы мемлекеттік қызмет көрсетуді ұйымдастыруға жауапты жоғары тұрған уәкілетті органның арнайы комиссия жұмыс органына беріледі, әдепсіз қызмет көрсету жағдайда шағым арнайы комиссия жұмыс органының, ХҚКО бастығына беріледі нөмірі уәкілетті органның, ХҚКО стендінде көрсетілген, атауы, жұмыс кестесі, заңды мекенжайы, телефоны осы регламенттің 2-т. және 14-т. көрсетілген.

25. Мемлекеттік қызмет нәтижесімен келіспеген жағдайда тұтынушы заңнамамен белгіленген тәртіпте сотқа шағымдануға құқылы.

Жазбаша өтінішпен арызданған тұлғаға берілген шағымға жауап алу датасы мен уақыты, өтінішті қарау тәртібі туралы білуге болатын тұлғалардың байланыс телефондары көрсетілген талон беріледі.

Мемлекеттік қызметтің регламентіне «Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу және есепке алу» 1-қосымшасы

ӘР ҚФБ іс-әрекеттердің (рәсімдердің, функциялардың операциялардың) мәтіндік кестеленген сипаттамасы

1	Әрекеттің (қимылдың, жұмыс ағымының) N	1	2	3	4	5
2	ҚФБ атауы	Арнайы комиссия жұмыс органының жауапты маманы	Арнайы комиссия жұмыс органының жауапты маманы	Арнайы комиссия жұмыс органының бастығы	Арнайы комиссия жұмыс органының жауапты маманы	Арнайы комиссия жұмыс органының тағайындау бойынша бас маманы
3	Әрекеттің (үдерістің, рәсімнің, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы	Бүкіл қажетті құжаттармен өтініш қабылдау	Азаматтардың жазбаша үндеулерді тіркеу және есептеу журналында өтініштерді тіркеу	Өтінішке қарар қою	Құжатты орындалуға тапсыру	Арнайы комиссия жұмыс органының тағайындау бойынша бас маманы тұтынушының жеке ісінің макетін (бұдан әрі – іс макеті) құрастырады және арнайы комиссия жұмыс органына қарау үшін жолдайды
4	Аяқтау нысаны (деректер, құжат, ұйымдас тыру-бас қаратын шешімі)	Талон беру	Кіріс нөмірін беру	Қарар	Журналда орындаушының белгісі	Іс макеті
5	Орындалу мерзімі	15 минут ішінде	15 минут ішінде	15 минут ішінде	15 минут ішінде	8 жұмыс күн ішінде
6	Келесі әрекеттің нөмірі	2	3	4	5	6
1	Әрекеттің (қимылдың, жұмыс ағымының) N	7	8	10		
2	ҚФБ атауы	Арнайы комиссия	Арнайы комиссия жұмыс органының бастығы	Арнайы комиссия жұмыс органының жауапты маманы		
		Қарау және шешім шығару, тізімдерді құрастырады, комиссия	Арнайы комиссия шешімі шығарылғаннан кейін арнайы	Азаматтардың жазбаша өтініштерін тіркеу және есепке алу		

3	Әрекеттің (үдерістің, рәсімнің, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы	төрағасымен оларды к у ә ландырады, жеке іс макеттерімен арнайы комиссия жұмыс органына жолданады	комиссия жұмыс органының бастығы хабарламаға қол қояды	шығыс журналда белгі қою. Мемлекеттік қызметтің нәтижесін беру
4	Аяқтау нысаны (деректер, құжат, ұйымдас тыру-басқаратын шешімі)	Комиссия шешіміне қол қою	Қызмет көрсету туралы хабарлама немесе қызмет көрсетуден негізделген бас тарту туралы жауап	Қызмет көрсету туралы хабарлама немесе қызмет көрсетуден негізделген бас тарту туралы жауап
5	Орындалу мерзімі	5 күн ішінде	5 жұмыс күн ішінде	1 жұмыс күн ішінде
6	Келесі әрекеттің нөмірі	8	10	11

Мемлекеттік қызметтің регламентіне
«Семей ядролық сынақ полигонындағы
ядролық сынақтардың салдарынан
зардап шеккен азаматтарды
тіркеу және есепке алу»
2-қосымшасы

Әкімшілік іс-әрекеттердің (рәсімдердің) реттілігі мен өзара іс-қимылының сипаттамасы

1. кесте. ҚФБ іс-әрекетін сипаттау


Негізгі үдерістің барысының, (жұмыс ағымының) іс-әрекеті			
Іс-әрекеттің (барысының, жұмыс ағымының) №	1	2	3
ҚФБ атауы	Орталық инспекторы	Жинақтаушы бөлім инспекторы	Жинақтаушы бөлім инспекторы
Іс-әрекеттің (үрдістің, рәсімнің, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы	Құжаттарды қабылдау	Журналға қол қояды және құжаттарды жинайды	Тізілім жасайды және құжаттарды жолдайды
Аяқтау түрі (деректер, құжат, ұйымдық - өкімдік шешім)	Журналға тіркеу және қолхат беру	Жинақтау бөлімге құжаттар жинау	Құжаттарды арнайы комиссияның жұмыс органына жолдау
Орындау мерзімдері	30 минут	Күніне 3 рет	Күніне екі реттен кем емес
Келесі іс-әрекеттің нөмірі	2	3	4
Негізгі үдерістің (жұмыс барысының, ағымының) іс-әрекеттері			
Іс-әрекеттің (жұмыс барысының, ағымының) №	4	5	6

ҚФБ атауы	Арнайы комиссия жұмыс органы кеңсесінің маманы	Арнайы комиссия жұмыс органының басшысы	Арнайы комиссия жұмыс органының жауапты орындаушысы
Іс-әрекеттің (үрдістің, рәсімнің, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы	Құжаттарды қабылдау, тіркеу	Хат-хабармен танысу, орындау үшін арнайы комиссия жұмыс органының жауапты орындаушысын анықтау	Құжаттардың толықтығын тексеруді іске асыру, бас тарту туралы негізделген жауап даярлайды немесе хабарлама ресімдейді
Аяқталу нысаны (деректер, ұйымдық-өкімдік шешім)	Бұрыштама қою үшін құжаттарды басшыға жолдау	Бұрыштама қою, арнайы комиссия жұмыс органының жауапты орындаушысына жіберу	Құжаттарды арнайы комиссияның жұмыс органына тапсыру
Орындау мерзімдері	1 сағат	1 сағат	Он тоғыз күнтізбелік күн ішінде
Келесі іс-әрекеттің нөмірі	5	6	7
Іс-әрекеттің № (жұмыс барысының, ағымының)	7	8	9
ҚФБ атауы	Арнайы комиссия	Арнайы комиссия жұмыс органының бастығы	Арнайы комиссия жұмыс органы бөлімінің маманы
Іс-әрекеттің (үрдістің, рәсімнің, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы	Қарау және шешім шығару, тізім құрайды, комиссия төрағасымен талалады, одан соң жеке іс макетте рімен арнайы комиссия жұмыс органына жолдана ды	Арнайы комиссия шешім шығарған соң арнайы жұмыс комиссия сы уәкілетті органының бастығы хабарламаға қол қояды	Хабарламаны Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу және есепке алу кітабында тіркеу, тұтынушыға негізделген бас тарту немесе хабарлама беру
Аяқталу нысаны (деректер, ұйымдық-өкімдік шешім)	Комиссия шешіміне қол қою	қызмет көрсетуден негізделген бас тарту немесе хабарлама беру	Хабарлама немесе бас тарту туралы негізделген жауапты тұтынушыға беру немесе ХҚКО-ға тапсыру
			Тұтынушыға хабарлама немесе бас тарту туралы негізделген жауапты тапсыру туралы қолхат

Орындау мерзімдері	5 күн ішінде	5 жұмыс күні ішінде	Жұмыс күні ішінде	Жұмыс күні ішінде
Келесі іс-әрекеттің нөмірі	8		9	

Мемлекеттік қызметтің регламентіне «Семей ядролық сынақ ядролық зардап тіркеу және есепке алу» полигонындағы сынақтардың салдарынан азаматтарды алу» 3-қосымшасы

Әкімшілік іс-әрекеттердің логикалық реттілігі арасындағы өзара байланысын сипаттаушы сызбалар



Мемлекеттік қызметтің регламентіне «Семей ядролық сынақ ядролық зардап тіркеу және есепке алу» полигонындағы сынақтардың салдарынан

Хабарлама

Құрметті _____!

Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі хабарлайды, арнаулы комиссия шешімі бойынша Сізді Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматы ретінде тіркеліп есепке қойылып тұрсыз.

Бөлім бастығы _____

(қолы) ТАЖ

2 хабарлама

Хабарлама

Құрметті _____!

Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі хабарлайды, _____

(себеп көрсету)

байланысты арнаулы комиссия шешімі бойынша Сізді Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматы ретінде тіркелуге және есепке қоюға бас тартылды.

Бөлім бастығы _____

(қолы) ТАЖ

Ғ а б и т

М ү с і р е п о в

а т ы н д а ғ ы

а у д а н ы

э к і м д і г і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

2 9

м а у с ы м д а ғ ы

№ 222 қаулысымен бекітілген

Мемлекеттік қызмет көрсету регламенті

«Мүгедектерге протездік-ортопедиялық көмек көрсету

үшін оларға құжаттарды ресімдеу»

1. Негізгі ұғымдар

1. Пайдаланған терминдердің және аббревиатуралардың анықтамасы:

1) ЖІ – жеке іс;

2) «ЖҚҮ және ӘБ КБ» ММ – «Солтүстік Қазақстан облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесі;

3) Құрылымдық-функционалдық бірліктер – бұл уәкілетті органдардың жауапты тұлғалары, мемлекеттік органдардың құрылымдық бөлімшелері, мемлекеттік органдар, ақпараттық жүйелер және олардың кіші жүйелері) (бұдан

ә р і – Қ Ф Б) ;

4) мүгедек – ауыру немесе жарақат алу нәтижесінде, тұрақты түрде денсаулығының, ағзасының атқарымының бұзылуына байланысты өмірлік іс-әрекеті шектелгендіктен әлеуметтік қорғауды қажет ететін тұлға. б) Солтүстік Қазақстан облысы бойынша республикалық мемлекеттік кәсіпорны «Халыққа қызмет көрсету орталығы» филиалының Ғабит Мүсірепов ауданы бойынша

б ө л і м – Х Қ К О ;

5) ОЖБ – оңалтудың жеке бағдарламасы;

б) Уәкілетті орган – «Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

2. Жалпы ережелер

2. Мемлекеттік қызмет «Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі»(әрі қарай – уәкілетті орган) мемлекеттік мекемесімен көрсетіледі, мекенжайы: Солтүстік Қазақстан облысы, Новоишим селосы, Ленин көшесі, 2, электрондық пошта мекенжайы – ozsp-gm.sko.kz, телефоны – 8-715-35-2-15-37, № 6 кабинет.

Сондай-ақ мемлекеттік қызмет Солтүстік Қазақстан облысы бойынша республикалық мемлекеттік кәсіпорны «Халыққа қызмет көрсету орталығы»(әрі қарай - ХҚКО) филиалының Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы бойынша бөлім арқылы көрсетіледі, мекенжайы: Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы Новоишим селосы, Ленин көшесі, 7, телефоны – 8-715-35-2-22-19.

3. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: автоматтандырылмаған.

4. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заңының 22-бабы 1-тармағының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 20 шілдедегі № 754 қаулысымен бекітілген «Мүгедектерді протездік-ортопедиялық көмекпен және техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдармен қамтамасыз ету» ережесінің, «Жергілікті атқарушы органдар көрсететін әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік қызметтердің стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 394 Қаулысының негізінде ұсынылады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және қажетті құжаттар туралы толық ақпарат көрсетілген уәкілетті органның стендтерінде орналасқан, халыққа қызмет көрсету орталықтары, сондай-ақ көрсетілген уәкілетті органның интернет-ресурстарынан ozsp-gm.sko.kz алуға болады.

6. Тұтынушы алатын, көрсетілетін мемлекеттік қызметтің аяқталу нысаны (нәтиже): протездік-ортопедиялық көмекпен қамтылу үшін құжаттарды ресімдеу

туралы хабарлама, немесе қағаз жеткізгіште қызмет көрсетуден бас тарту жөнiнде дәлелдi жауап.

7. Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға көрсетiледi: Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер және Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ тұлғалар.

Ұлы Отан соғысының қатысушылары, мүгедектері, сондай-ақ жеңiлдіктер мен кепiлдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы мүгедектеріне теңестірілген адамдар ;

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде қызметтік міндеттерін атқаруымен байланысты мүгедек болған әскери қызметшілер;

iшкі iстер органдарының, ұлттық қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының қызметтік міндеттерін атқаруымен байланысты мүгедек болған адамдар ;

жалпы аурудан мүгедек болғандар;

бала жасынан мүгедектер ;

мүгедек балалар ;

жұмыс беруші – жеке кәсіпкер қызметін тоқтатқан немесе заңды тұлға таратылған жағдайда жұмыс берушінің кінәсінен жұмыста мертігуге ұшыраған немесе кәсіптік ауруға шалдыққан мүгедектер.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібіне қойылатын талаптар

8. Мемлекеттік қызметті алу үшін өтініш беруші мынадай құжаттарды ұсынады :

1) жеке басын куәландыратын құжаттың реквизиттерін, әлеуметтік жеке кодының нөмірін (болса жеке сәйкестендіру нөмірін) көрсете отырып белгіленген үлгідегі өтінішті.

2) тұтынушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі, ал кәмелетке толмаған мүгедек балалар үшін – баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі және ата-аналардың (қорғаншылардың, қамқоршылардың) біреудің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

3) мүгедектер, оның ішінде мүгедек балалар үшін мүгедекті оңалту жеке бағдарламасынан үзіндісінің көшірмесі;

4) Ұлы Отан соғысының қатысушылары, мүгедектері, сондай-ақ жеңiлдіктер мен кепiлдіктер бойынша Ұлы отан соғысы мүгедектеріне теңестірілген адамдар үшін белгіленген үлгідегі куәлігінің көшірмесі;

5) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне тұрғылықты жер бойынша медициналық ұйымының протездік-ортопедиялық көмек көрсетуге мұқтаждық жөніндегі қорытындысының көшірмесі;

б) жұмыс беруші – жеке кәсіпкер қызметін тоқтатқан немесе заңды тұлға таратылған жағдайда жұмыс берушінің кінәсінен жұмыста мертігуге ұшыраған немесе кәсіптік ауруға шалдыққан мүгедектер – жазатайым оқиға туралы актінің көшірмесін және жеке кәсіпкер – жұмыс беруші қызметін тоқтатқаны немесе заңды тұлға таратылғаны туралы құжат ұсынады.

Салыстырып тексеру үшін құжаттар түпнұсқасында және көшірмелерде ұсынылады, тексерістен кейін құжаттардың түпнұсқалары тұтынушыға қ а й т а р ы л а д ы .

9. Өтініштер нысандары осы Регламенттің 2-тармағында көрсетілген мекен-жайларында орналасқан уәкілетті органның, ХҚКО күту залында немесе құжаттар қабылдайтын қызметкерлерде болады.

10. Мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті толтырылған өтініш үлгілері және басқа құжаттар № 6 кабинетке уәкілетті органның ардагерлермен және мүгедектермен жұмыс жүргізу бойынша бас маманына тапсырылады.

Жауапты тұлғалар кабинеттерінің нөмірлері туралы ақпарат уәкілетті органның стендінде, сонда сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету туралы а қ п а р а т о р н а л а с т ы р ы л ғ а н .

Мемлекеттік қызмет ХҚКО арқылы жүзеге асыру жағдайда құжаттардың қабылдау «терезелер» арқылы жүзеге асырылады, онда «терезелердің» мақсаттары мен орындайтын функциялары туралы ақпарат орналастырылады, сондай-ақ ХҚКО инспекторының тегі, аты, әкесінің аты және лауазымы к ө р с е т і л е д і .

11. Барлық қажетті құжаттар тапсырылғаннан кейін уәкілетті органда тұтынушыға мемлекеттік қызмет тіркеу мен алу датасын, құжаттар қабылдаған тұлғаның тегі аты-жөні көрсетумен талон беріледі. ХҚКО тиісті құжаттардың қабылдағаны туралы қолхат беріліп онда төмендегілер көрсетіледі:
сұрауды қабылдаған нөмірі және датасы;
сұрап жатқан мемлекеттік қызметтің түрі;
қосымша берілген құжаттардың саны және атауы;
құжатты беру датасы, уақыты және орны;
құжаттарды рәсімдеуге қабылдаған ХҚКО инспекторының тегі, аты-жөні.

12. Протездік-ортопедиялық көмек көрсету үшін мүгедектерге құжаттарды ресімдеу (ресімдеуден бас тарту) туралы хабарламаны не бас тарту туралы д ә л е л д і ж а у а п т ы ж е т к і з у :

1) уәкілетті органға өтініш берген кезде тұрғылықты жері бойынша уәкілетті органға тұтынушының өзінің келуі арқылы, не пошталық хабарлама арқылы;

2) ХҚКО өзі келіп өтініш берген кезде «терезе» арқылы күн сайын, қолхаттың негізінде онда көрсетілген мерзімде жүзеге асырылады.

ХҚКО-да тұтынушыға дайын құжаттарды беруді орталық инспекторы күн

сайын қолхаттың негізінде онда көрсетілген мерзімде «терезелер» арқылы жүзеге асырады.

13. Мемлекеттік қызмет көрсетуден мынадай негіздемелер бойынша бастартады:

1) тұтынушының протездік-ортопедиялық көмек көрсетуді қабылдауға медициналық қарсы көрсетілімдері болғанда;

2) аталған мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін құжаттардың біреуі болмағанда, орталықтан түсетін құжаттарды ресімдеуде қателіктер табылған кезде;

3) жалған мәліметтер мен құжаттар ұсынылғанда;

4) жұмыс беруші – жеке кәсіпкер қызметін тоқтатқан немесе заңды тұлға таратылған жағдайда жұмыс берушінің кінәсінен жұмыста мертігуге ұшыраған немесе кәсіптік ауруға шалдыққан мүгедектерге, егер олардың қызметі заңнамада белгіленген тәртіппен тоқтатылмаған жағдайда бас тартылуы мүмкін.

Мемлекеттік қызмет көрсетуді тоқтатуға негіздер жоқ.

14. Мемлекеттік қызмет уәкілетті органның үй-жайында уәкілетті органның жұмыс кестесіне сәйкес демалыс (сенбі, жексенбі) және мереке күндерін қоспағанда, күн сайын сағат 13.00-ден 14.30-ге дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ге дейін көрсетіледі.

ХҚКО жұмыс кестесі: демалыс күндері мен мереке күндерінен басқа, үзіліссіз, күн сайын сағат 9.00-ден 19.00-ге дейін жұмыс істейді.

Қабылдау кезек тәртібінде жүзеге асырылады алдын ала жазылусыз және тездетілген қызмет көрсетусіз.

15. Осы регламенттің 8-тармағында анықталған қажетті құжаттар ұсынылған сәттен бастап мемлекеттік қызметтер көрсету мерзімдері: уәкілетті органда – он жұмыс күн ішінде;

ХҚКО – он жұмыс күн ішінде (құжаттарды қабылдау мен беру күндері мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді).

16. Тұтынушымен қатынаған күнде орында көрсетілетін мемлекеттік қызметті алуға ең үлкен күту уақыты (талон алуға дейін) – 30 минуттан аспайды.

Тұтынушымен қатынаған күнде орында көрсетілетін мемлекеттік қызметті алуға ең үлкен қызмет көрсету уақыты күнде 15 минуттан артық емес, ХҚКО 30 минуттан артық емес.

17. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

18. Мемлекеттік қызмет көрсетіледі:

1) тұтынушының тұрғылықты жері бойынша арнайы комиссия жұмыс органының үстелмен, орындықтармен, толтырылған бланктер бар ақпараттық стендтермен жабдықталған, мүмкіндіктері шектеулі тұтынушыларға қызмет көрсету үшін жағдайлар қарастырылған үй-жайында;

2) анықтамалық бюро, кресло, толтырылған бланктер бар ақпараттық стендтермен жабдықталған, қажетті құжаттарды даярлау үшін үстелмен, орындықтармен, ақпараттық стендтермен жабдықталған, күту залы бар сондай-ақ үй-жайда мүмкіндіктері шектеулі тұтынушыларға қызмет көрсету үшін жағдайлар қарастырылған ХҚКО үй-жайында.

Уәкілетті органның үй-жайы санитарлық-эпидемиологиялық нормаларға, ғимараттың қауіпсіздік талаптарына үйлесімді, күзетпен және өрт дабылымен жабдықталды.

19. Мемлекеттік қызмет алу үшін тұтынушыдан өтініш келіп түскен сәттен бастап және мемлекеттік қызметтің нәтижесін алуға дейін мемлекеттік қызмет көрсету кезеңдері:

_____ уәкілетті орган арқылы:

1) тұтынушыға қызмет көрсету үшін ол белгіленген үлгідегі өтінішті және қажетті құжаттар тізбесін тапсырады;

2) уәкілетті органның жауапты маман өтінішті журналда тіркейді, өтінішке кіріс нөмірін қояды, тұтынушыға талон береді және уәкілетті органның бастығына береді;

3) уәкілетті органның бастығы келіп түскен құжатпен танысады және ардагерлермен және мүгедектермен жұмыс жүргізу бойынша бас маманына (бұдан әрі – бас маманға) жолдайды;

4) уәкілетті органның бас маманы келіп түскен құжаттарды қарайды қызмет алуға тұтынушының құқығын анықтайды, тұтынушының деректерін электрондық деректер базасына енгізеді, «ЖҚҮ және ӘББ»ММ құжаттар топтамасын жолдау үшін ілеспе хатты әзірлейді;

5) бас маман тұтынушыға қызмет көрсетуге есепке қою туралы хабарламаны немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты (хабарлама) әзірлейді және қол қою үшін уәкілетті органның бастығына береді;

б) уәкілетті органның бастығы қызмет көрсетуге есепке қою туралы хабарламаға немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапқа (хабарлама) қол қояды және мемлекеттік қызмет нәтижесін тұтынушыға беру үшін жауапты маманға береді;

7) уәкілетті органның жауапты маман мемлекеттік қызмет нәтижесін береді: есепке қою туралы хабарламаны немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап (хабарлама).

Тұрғылықты жері бойынша уәкілетті орган болмаса мемлекеттік қызмет тұтынушыларға селолық «(ауылдық) округтің әкімі арқылы көрсетіледі.

_____ Х Қ К О арқылы:

1) Тұтынушы өтініш береді, тіркейді, және мемлекеттік қызмет көрсетуге қолхат береді;

- 2) ХҚКО инспекторы өтінішті тіркейді және құжаттарды ХҚКО жинақтау бөлімінің инспекторына береді;
- 3) ХҚКО жинақтаушы бөлімі инспекторы құжаттарды жинайды, тізілімдемені құрастырады, құжаттарды уәкілетті органға жолдайды;
- 4) уәкілетті органның жауапты маманы журналда құжаттарды тіркейді, кіріс нөмірі береді және құжатты өтінішке береді;
- 5) уәкілетті органның бастығы келіп түскен құжаттарды қарайды және тағайындау бойынша бас маманға жібереді (бұдан әрі – бас маман);
- 6) уәкілетті органның бас маманы тұтынушының құқығын болуына келіп түскен құжаттарды қарайды, деректерді электрондық деректер базасына енгізеді;
- 7) бас маман тұтынушыға қызмет көрсетуге тағайындау туралы хабарламаны немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап (хабарлама) әзірлейді және қол қою үшін уәкілетті органның бастығына береді;
- 8) уәкілетті органның бастығы қызмет көрсетуге тағайындау туралы хабарламаға немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапқа (хабарлама) қол қояды және мемлекеттік қызметтің нәтижесін тұтынушыға беру үшін жауапты маманға береді;
- 9) уәкілетті органның жауапты маманы мемлекеттік қызметтің нәтижесін қызмет көрсетуге тағайындау туралы хабарламаны немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты ХҚКО жолдайды;
- 10) ХҚКО инспекторы тұтынушыға мемлекеттік қызмет нәтижесін береді: қызмет көрсетуге тағайындау туралы хабарлама немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап (хабарлама).

4. Мемлекеттік қызметті көрсету үдерісіндегі іс-әрекеттер (өзара әрекеттестік) тәртібінің сипаттамасы

20. Ақпараттық қауіпсіздігіне қойылатын талаптар: тұтынушы құжаттарының мазмұны туралы ақпаратты жасырын ұстау.

21. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіне қатысатын ҚФБ:

- 1) Уәкілетті органның бастығы;
- 2) Уәкілетті органның бас маманы;
- 3) Уәкілетті органның жауапты маманы;
- 4) ХҚКО инспекторы;
- 5) ХҚКО жинақтау бөлімінің инспекторы;
- 6) ЖҚҮ және ӘББ лауазымдық тұлғалар.

